



Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2000 жылға арналған индикативтік жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 қыркүйек N 1287

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының, ведомстволарының, облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің қатысуымен әзірлеген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2000 жылға арналған индикативтік жоспары мақұлдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 1 қыркүйектегі
N 1287 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасының Экономикалық
жоспарлау жөніндегі агенттігі

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық
дамуының 2000 жылға арналған индикативтік жоспары

Кіріспе

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2000 жылға арналған индикативтік жоспары "Бюджеттік жүйе туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-1 Z990357_ ҚРЗ Заңына және "

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің және іске асырудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 мамырдағы N 596 P960596_ қаулысына сәйкес әзірленді.

Оны әзірлеу орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың жекелеген бағыттары бойынша ой-ниеттері мен ұсыныстарын ескере отырып жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі Стратегиясында, Қазақстан Республикасы дамуының 1998-2000 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларында және республика Үкіметінің 1999 жылдың екінші жартыжылдығына және 2000 жылға арналған іс-қимылдар Бағдарламасында белгіленген міндеттерді шешуге және мақсаттарға жетуге бағытталған.

Болжамдық көрсеткіштер елдің алдыңғы өткен жылдарда қалыптасқан

әлеуметтік-экономикалық даму және дүниежүзілік рынок конъюнктурасының өзгеру үрдістеріне негізделіп белгіленді.

1. Елдің 1999 жылғы әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау

Дүниежүзілік тауар рыноктарының жағдайы

Қазіргі уақытта дүниежүзілік тауар рыноктарында олардың отандық өнеркәсіптегі үлестері экспорттың үлкен бөлігін құрайтын мұнайдың, мұнай өнімдерінің, қара және түсті металдардың бағалары тұрақтанып келеді.

1999 жылдың тамызында шикі мұнайдың орташа дүниежүзілік бағасы 1998 жылдың желтоқсанына қарағанда 70% жоғары болды және баррель үшін 19,1 АҚШ долларын құрады. Мұндай жоғарылаудың негізгі себептерінің бірі Мұнайды экспорттаушы елдер ұйымы мүшелерінің арасында 1999 жылдың наурызында мұнай

өндіруді күнінен 1,7 млн. баррельге қысқарту туралы картельдік келісімге қол қойылуы болды.

1999 жылдың қаңтар-шілдесіндегі мұнай бағасының динамикасы
(қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Үстіміздегі жылдың шілдесінде түсті металдар рыногында мырыш 1998

жылдың желтоқсанына қарағанда 15%-ке, мыс-14,6-ке қымбаттады, ферроқорытпалар орта есеппен 2,5%-ке арзандады.

1999 жылдың қаңтар-шілдесіндегі металдар бағасының динамикасы
(қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Мұнай мен металдардың дүниежүзілік тауар рыноктары конъюнктурасына жасалған болжам 1999 жылдың екінші жарты жылдығында және 2000 жылы қазақстандық экспорт өнімдеріне сұраныс тұрақтанады деп болжауға мүмкіндік беріп отыр.

Өнеркәсіп

1999 жылдың бірінші жарты жылдығында Қазақстанның өнеркәсібінде өндірістің құлдырау үрдісі байқалды.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша республиканың өнеркәсіп орындары (шағын, қосалқы кәсіпорындарды, үй шаруашылықтары секторын қоса алғанда) 1999 жылдың ақпан-шілдесінде қолданылып жүрген бағалармен 509,5 млрд. теңгенің өнімін шығарды, бұл 1998 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 97,2%-ті құрайды.

1999 жылдың қаңтар-шілдесіндегі нақты көлемнің индексі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 97,2%-ті құрады.

Тұтасымен алғанда өнеркәсіп бойынша және салалар бойынша
1999 жылдың қаңтар-шілдесі үшін нақты көлемін
индекстері

(графикті қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылдығы ішінде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда тұтасымен алғанда өнеркәсіп бойынша және салалар бойынша өндірістің құлдырауы байқалады.

Республиканың өнеркәсіп өндірісінің құрылымында 1998 жылмен салыстырғанда экспортқа бағытталған салалардың жұмыс тиімділігін арттыру және өңдеу өнеркәсібінің үлес салмағын азайту, сондай-ақ электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу есебінен тау-кен өнеркәсібінің үлесі артты.

Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің құрылымы

	1997 жыл	1998 жыл	1999 қаңтар-шілде
Өнеркәсіп, барлығы % пен	100	100	100
Тау-кен өнеркәсібі,	26,1	24,3	29,7
оның ішінде:			
көмір және лигнит өндіру	3,3	3,4	2,0
шикі мұнай мен ілеспе газ өндіру	16,6	14,9	21,2
темір рудасын өндіру	2,3	1,7	1,0
түсті металдар рудасын өндіру	1,9	1,9	2,5
Өңдеу өнеркәсібі,	56,2	56,2	53,0
оның ішінде:			
тамақ өнімдері өндірісі	16,5	19,3	15,6
темекі бұйымдары өндірісі	1,6	1,8	1,6
тоқыма және тігін өнеркәсібі	1,8	1,8	1,6
мұнай айдау	4,7	3,7	2,7
химия өнеркәсібі	2,1	1,6	1,4
қара металлургия	6,3	5,1	6,5
түсті металлургия өндірісі	11,5	11,5	13,8
машина жасау	4,6	3,6	2,6
Электр энергиясын, газ бен			
суды өндіру және бөлу	17,7	19,5	17,3

Инвестициялар

1999 жылдың қаңтарынан бастап шілдесін қоса алғандағы кезеңде

инвестициялық белсенділік төмендеді: негізгі капиталға инвестициялар 83,7 млрд. теңге құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,4%-ке аз.

1999 жылдың қаңтар-шілдесі аралығында негізгі капиталға инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көздері кәсіпорындардың меншікті қаражаты (жалпы көлемінің 57,7%-і) және шетелдік инвестициялар (жалпы көлемінің 32,4%-і) болды. Бюджеттік қаржыландырудың үлесін қысқарту

жағдайында негізгі капиталға инвестицияларды қаржыландыруда жергілікті бюджеттің үлесі өсіп келеді.

Негізгі капитал инвестициялардың қаржыландыру көздері
бойынша құрылымы

Қаржыландыру көздері	қаңтар-шілде 1998 жыл жиынына % пен алғанда	қаңтар-шілде 1999 жыл жиынына % пен алғанда	қаңтар-шілде 1999 жыл млн.теңге
Негізгі капиталға барлық инвестициялар	100	100	82870
оның ішінде мыналардың есебінен қаржыландыры. латындары			
кәсіпорынның қаражаты	55,9	57,7	47817
бюджет қаражаттары	16,8	9,9	8180
оның ішінде:			
республикалық бюджет	14,7	7,9	6495
жергілікті бюджет	2,1	2,0	1685
бюджеттен тыс қорлар	5,4	-	-
шетелдік инвестициялар	21,9	32,4	26873

Экономикалық қызмет түрлерінің ішінде инвесторлар үшін неғұрлым қызықтыратыны тау-кен және өңдеуші өнеркәсіп болып келеді (тиісінше жалпы инвестициялар көлемінің 51,7%-і және 15,2%-і). Денсаулық сақтау (0,8) мен ауыл шаруашылығын (0,3%) дамытуға тартылатын қаражаттың көлемі шамалы болып отыр.

16 аймақтың ішінде негізгі капиталға инвестицияларды игерудің 35,0%-і Атырау облысына тиеді. Инвестициялардың жоғары қарқыны олардың аумақтарында кен өндіруші өнеркәсіптің негізгі орталықтары орналасқан - Батыс Қазақстан (өсуі 11,9 есе), Шығыс Қазақстан (1,7 есе), Ақтөбе (1,6 есе) және Атырау (1,2 есе) облыстарында б а й қ а л а д ы .

Негізгі капиталға шетелдік инвестициялардың үлесі Батыс Қазақстан (95%),

Қызылорда (82%), Ақтөбе (79%), Маңғыстау (66%) және Алматы (62%) облыстарында ж о ғ а р ы .

Тікелей инвестицияларды ынталандыру жөніндегі жұмыс жалғасуда. 1999 жылдың қаңтар-шілдесінде инвесторлармен 78 келісім-шарт, оның ішінде экономиканың басым секторларына тікелей инвестициялар тартуға 38 келісім-шарт және жер қойнауын пайдалануға 40 келісім-шарт жасалды. Келісім-шарттардың ережелері бойынша инвесторлар 683,3 млн. АҚШ доллары сомасында инвестициялар салуға міндеттенді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы шетелдік инвесторлар Кеңесінің кезекті мәжілісі, "Алматы инвестициялық басқосуы" халықаралық форумы, Делиде, Варшавада, Будапеште, Прагада, Вашингтонда, Зальцбургте, Петалингіде (Малайзия) және Стамбулда "Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері" атты бірқатар к о н ф е р е н ц и я л а р ө т к і з і л д і .

1999 жылдың қаңтар-шілдесінде тұрғын үй құрылысына 6,2 млрд. теңге жұмсалды, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 25% кем. Жеке үй салушылардың үлесіне тапсырылған тұрғын үйдің 96%-і келеді.

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы

Үстіміздегі жылдың алғашқы айларынан бастап байқалған ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтануы талданып отырған бүкіл кезеңнің бойында сақталды. Мәселен, республика бойынша 1999 жылдың жеті айында ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі қазіргі бағалармен 87,6 млрд. теңге құрады, бұл 1998 жылдың осы кезеңінен 4,1%, оның ішінде егіншілік өнімі 15,3%, мал шаруашылығы өнімі 3,1% артық. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көрсетілген өсімі сүт өндіруді (өнімнің құнына шаққанда) 2,2%-ке, жұмыртқаны - 0,6%-ке, егін шаруашылығы өнімін - 1,3%-ке а р т т ы р у е с е б і н е н құ р а л д ы .

Үстіміздегі жылы тұтастай алғанда республика бойынша астық дақылдарының түсімі жоғары болады деп жобалануда, өйткені орылмаған алқаптардың 75%-інде егіннің шығымдылығы жақсы және 25%-інде қанағаттанарлық. 1998 жылдың осындай кезеңінде тамыздың басында егістіктің тек төрттен бірі ғана жақсы бағаланған болатын , қалғаны қанағаттанарлық және нашар болды. Астықтың жалпы түсімінің артуы облыстардың тең жартысында, тіпті бұл ретте өткен жылы құрғақшылықтың салдарынан айтарлықтай өнім алынбаған аймақтарда көбірек күтілуде. Тамыздың басында егін жинауды барлық оңтүстік облыстар жүргізді, онда жиналуға тиісті алқаптардың 580,6 мың гектары (23,3%) орылды. Үстіміздегі жылдың болжамы бойынша астықтың жалпы түсімі 10,2 млн. тонна көлемінде күтілуде.

Үстіміздегі жылы уақытында жүргізілген агротехникалық шаралардың есебінен картоптың шығымдылығы мен жалпы түсімінің өсуі былтырғы жылғыдан

12,4%-ке, көкөністер - 2%-ке, қант қызылшасы 55,3%-ке; Оңтүстік Қазақстан облысында шикі мақтаның түсімі - 36,3%-ке артады деп күтілуде.

1999 жылдың жеті айында былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында тірідей салмақпен алынған еттен басқа мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерін өндіруде өсім алынды:

	Өлшем бірлігі	1998 жыл	1999 жыл	1999 жыл
		қаңтар-тамыз	қаңтар-тамыз	1998 жылға % есебімен
Тірідей салмақпен алғандағы еттің барлық түрі				
	мың тонна	533	532,3	99,9
Сүт	мың тонна	1999,2	2100,3	105
Жұмыртқа	млн. дана	850,2	935,5	110

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру бағасы мына таблицада келтірілген:

	1998 жыл есеп	1999 жыл болжам	1999 жылдың баға.	1998 жылға % есебімен	1999 жылдың болжамы	1999 жылдың бағасы
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, млрд. теңге	246,1	283	276	115,1	112,1	112,1

оның ішінде:

өсімдік шаруашылығы. 101,9 163,7 133,4 160,8 130,9

ғың өнімі
 мал шаруашылығының 144,2 119,3 142,6 82,8 98,9
 өнімі
 Астық (тазартылған. 6395,5 10000 9660 156,5 151,0
 нан кейінгі салмақта),
 мың тонна

оның ішінде:

бидай, мың тонна 4746,3 7300 7400 154,0 155,9

Шикі мақта, мың 161,6 220 220 136,3 136,1

тонна

Қант қызылшасы 224,9 260 260 115,7 115,0

(фабрикалық), мың

тонна

Майлы дақылдардың 132,1 214 150 162,2 122,0

тұқымдары, мың

тонна

Картоп, мың тонна 1262,9 1725 1420 136,7 112,4

Көкөністер, 1079,2 1100 1100 102,0 102,0

мың тонна

Мал және құс 641,5 550 560 85,8 87,3

(сойыс салмағымен),

мың тонна

Сүт, мың тонна 3394,3 3200 3400 94,4 100,2

Жұмыртқа, млн. дана 1388,4 1400 1500 100,9 108,0

Жүн (нақты салмағы), 25,2 26,5 23 105,3 91,3

мың тонна

Қаракөл және елтірі, 214,3 205 130 95,8 60,7

мың тонна

Тері шикізаты: ірі, 2303,3 1900 1900 82,6 82,5

мың дана

ұсақ, мың дана 5350,7 5100 4750 95,4 88,8

шошқа терісі, 116,7 200 200 171,6 171,4

мың дана

Әлеуметтік сала

1998 жылы орташа айлық жалақы 9682 теңгені құрады. Бұл ретте ауыл шаруашылығындағы 3891 теңгеден кен өндіруші өнеркәсібіндегі 19517 теңгеге дейін айырмашылық орын алды.

1999 жылдың қаңтар-маусымындағы есептік деректер бойынша номиналдық орташа айлық жалақы 10021 теңгені құрады.

1999 жылы орташа айлық жалақы жөнінде 10500 теңге деңгейінде болжам жасалуда. Бұл ретте жалақының номиналдық мөлшері алдыңғы өткен жылмен салыстырғанда 8,74%-ке, нақты орташа айлық жалақы 1,3%-ке өседі.

Жалақының ең аз мөлшері өткен жылы 2395 теңге болды, 1999 жылы 2605 теңге мөлшерінде күтілуде.

Жыл басынан есептегенде 1 тамызға дейін Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа 76952 млн. теңге сомасында ақша қаражаты түсті. Одан зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуге, интернат үйлерінде тұратын зейнеткерлерді қоса алғанда, 62177,5 млн. теңге жұмсалды.

10 проценттік зейнетақы жарналары бойынша түскен қаражаттар сомасынан 13002,5 млн. теңге, олардан мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына - 4764,2 млн. теңге және мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорларына - 8238,3 млн. теңге аударылды.

Облыстық қаржы басқармаларының оперативтік деректері бойынша жалақы және жұмыс берушілердің жарналары жөніндегі қарыз 1999 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдарда 4392,4 млн. теңгені құрады.

Б і л і м б е р у

Білім беру ұйымдарының, жергілікті атқарушы органдардың қызметі

үстіміздегі жылы мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті орта біліммен толық қамтуды қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" және "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңдарын іске асыруға, орта білім беру жүйесін ақпараттандыруға, жаңа буындағы оқулықтарды енгізуге бағытталды.

Мемлекеттік мектептер желісінің дамуы мына таблицадан көрінеді:

Мемлекеттік мектептер

1998 жыл	1999 жыл	1999 жыл	1999 жыл
	(болжам)	(баға)	1998

1998 жылға жылға
% есебімен % есебімен

болжам баға

Мемлекеттік мектептердің саны-барлығы (бірлік)	8143	8300	8156	101,9	100,2
--	------	------	------	-------	-------

оның ішінде:

күндізгі жалпы білім беретіні	8007	8155	8024	101,8	100,2
кешкі	37	41	34	110,8	91,9
арнаулы түзету мектептері	99	103	98	104	99
Бұдан басқа, кәсіптік-техникалық мектептер	304	281	274	92,4	90,1

1999 жылдың бірінші жартыжылдығында республикалық бюджеттен орта білім беру жүйесін компьютерлендіруге бөлінген 197 млн. теңге 1998 жылы республиканың 450 мектебіне компьютерлерді жеткізу және орнату үшін алынған несиелік қарызды өтеуге жұмсалды.

"Білім туралы" Z990389_ Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты оны іске асыру және білім жүйесінің нормативтік базасын жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілуде. Мәселен, мемлекеттік жоғары оқу орындарының студенттер контингентін қалыптастыру процессін реттеу, халықтың барлық топтары үшін мемлекеттік жоғары білімге қол жеткізудің бірдей мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында Үкімет "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоғары оқу орындарының студенттер құрамын қалыптастырудың жаңа үлгісі туралы" және "1999-2000 оқу жылына жоғары білімді мамандар даярлауға мемлекеттік білім тапсырысын бекіту туралы" қаулылар қабылдады.

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у

Халықтың денсаулығын қорғау саласында мемлекеттік ұйымдардың қызметін жетілдіру және денсаулық сақтаудың жеке жүйесін дамыту мемлекеттік ең төменгі стандарттарды енгізу саланы қымбат тұратын стационарлық көмектен шығын азырақ жұмсалатын амбулаториялық-поликлиникалық қызмет көрсетуге қайта бағдарлау жолымен азаматтардың құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар

жүргізілді. Осы проблемаларды шешу барысында республикада ауруханалық ұйымдардың саны 12,5%-ке қысқарды, ал дербес амбулаториялық-поликлиникалық ұйымдардың саны 42,5%-ке өсті. Үстіміздегі жылы заңды тұлға құқығында 819 дәрігерлік амбулатория, 127 консультативтік-диагностикалық емханалар құрылды, 80 фельдшерлік-акушерлік пункт, 35 ауылдық дәрігерлік амбулаториялар қалпына келтірілді.

"Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жалғастырылуда. Мемлекеттік бағдарламаны орындаудың бірінші кезеңі демографиялық және дәрігерлік-әлеуметтік ахуалда белгілі бір оң қадамдармен орайлас келіп отыр. Соңғы онжылдықта алғаш рет жалпы адам өлімінің 2,7%-ке, республиканың барлық аймақтарында орын алып отырған жұқпалы аурулардың азаю үрдісі байқалды. Барлық жерде Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы ұсынған туберкулезді анықтаудың және емдеудің қазіргі заманғы әдістемесі енгізілді. Балаларды барлық негізгі инфекцияларға қарсы егумен 95 проценттік қамтуға қол жетті. Ай сайын балалардың егілуінің мониторингі жүргізіледі. Жыныстық жолмен таралатын ауруларға эпидемиологиялық талдау және олардың алдын алу бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады. Салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жұмыс жандана түсті. Мүгедектерді сауықтыру жөнінде белгілі жұмыс жүргізілуде.

К ө ш і - қ о н с а я с а т ы

1999 жылға арналған көші-қон квотасында 500 отбасын қоныс аудару көзделген. Үстіміздегі жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша Пакистанның аумағында жасырын тұрған, Ауғанстаннан шыққан босқын-оралмандардың 106 отбасы (479 адам) ұйымдасқан түрде көшірілді. 983 отбасы өз беттерімен қоныс аударды.

Дегенмен оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі ең қиын және шешілмеген проблема болып табылады. Облыстық басқармалардың, Астана және Алматы қалаларының көші-қон және демография бөлімдерінің деректері бойынша 6298 отбасы пәтер алған жоқ және кезекте тұр.

М е м л е к е т т і к ж а с т а р с а я с а т ы

Мемлекеттік жастар саясаты жастардың қоғамдық бастамаларын қолдауға және дамытуға бағытталды. Қазіргі уақытта республикада 115 жастар қоғамдық бірлестіктері тіркелген.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының жобасы әзірленді.

"Әскер жасындағы және әскерге дейінгі жастағы жастардың табиғи өсу және жүйке-психикалық жағдайына серпінді бақылау және зерттеу жүргізу" ғылыми-зерттеу

эксперименті

жүргізілуде.

Дене тәрбиесі және спорт

Республикада балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту, спорттық резерв дайындау жөнінде елеулі жұмыс жүргізілуде, Қазақстан Республикасы тұрғындарының дене тәрбиесі дайындықтары бойынша Президенттік тест тапсыру жөніндегі жұмыс жанданды, халықтық ойындар мен спорттың ұлттық түрлерін дамыту жөнінде шаралар қолданылуда.

Республиканың барлық дене тәрбиесі және спорттық ұйымдарында салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде жұмыс жүргізілуде, үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегінен бастап Маңғыстау, Атырау, Ақмола және Ақтөбе облыстарында спорттағы дарынды балалар үшін мектеп-интернаттар ашу мәселелері пысықталуда, спорттың ойын түрлері бойынша клубтық командалар құру жөніндегі жұмыс жалғастырылуда.

Мәдениет

1999 жылы республика бойынша тұтасымен алғанда мәдениеттің мемлекеттік ұйымдары желісі 4223 объектіні құрады, оның ішінде 47-сі республикалық деңгейде қаржыландырылады, және 4177-сі коммуналдық меншікке жатады және жергілікті бюджеттің есебінен ұсталады. Іс-шаралар мен объектілерді республикалық деңгейде қаржыландырудың үлесі 1999 жылы шамамен жалпы ішкі өнімнің 0,05%-ін құрады.

Мәдениеттің инфрақұрылымының желісі 1998 жылмен салыстырғанда 747 бірлікке, оның ішінде кітапханалар - 527-ге, мәдени-демалыс мекемелері - 208-ге, кинотеатрлар - 10 - ға қысқарды.

Музейлердің, театрлардың және концерттік ұйымдардың саны 1998 жылғы

деңгейде сақталды және тиісінше 88,40 және 25 бірлікті құрады.

1999 жылдың қорытындыларын болжамдық бағалау

Үкімет 1999 жылы нақты және әлеуметтік секторларда қайта құруды тереңдету, басқарудың мемлекеттік органдарының қызметін жетілдіру, реформалардың заң жүзінде қамтамасыз етілу деңгейін жоғарылату жөніндегі іс-қимылдарды жалғастыратын болады.

Алдын ала бағалау бойынша Қазақстан Республикасының 1999 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуын мынадай негізгі макроэкономикалық көрсеткіштермен сипаттауға болады:

	1998 жыл есеп	1999 жыл баға
Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), млрд. теңге	1747,7	1824,1
нақты тұлғалануы, %	97,5	98,5
ЖІӨ жан басына шаққанда, мың теңге	111,7	122
Тұтыну бағаларының индексі, %		
желтоқсаннан желтоқсанға дейін	1,9	16,8
жылына орташа алғанда	7,1	7,1
Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы	78,3	119,1
жылына орташа алғанда		
Мемлекеттік бюджеттің табыстары, млрд. теңге	309,5	429,6
Жалпы ішкі өнімге % есебімен	17,7	23,6
Мемлекеттік бюджет тапшылығы, млрд. теңге	70,1	66,1
Жалпы ішкі өнімге % есебімен	4,1	3,6
Өнеркәсіп өнімінің көлемі (жұмыс, қызмет көрсетулер) млрд. теңге	801,5	902
нақты тұрғыда, %	97,9	98,8
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі, млрд. теңге	246,1	293
нақты тұрғыда, %	81,8	112,1
Экспорт, млн. АҚШ долл.	5839	5185
Импорт, млн. АҚШ долл.	6589	5250
Негізгі капиталға инвестиция, млрд. теңге	173,3	175,9

2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 1999 жылғы индикативтік жоспарының атқарылу барысы туралы

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының Индикативтік жоспарының атқарылуы дүниежүзілік қаржы дағдарысының салдары және дәстүрлі қазақстандық экспорт өніміне дүниежүзілік рынок конъюнктурасының нашарлауы жағдайында өтуде.

Оны іске асыру барысында өнеркәсіптің базалық салаларында өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы, инвестицияларды теру көлемдерінің төмендеуі, сыртқы сауда операциялары бойынша теріс сальдоның өсуі, қазақстандық тауарлардың бәсекелестік қабілетінің төмендеуі және республикаға шетелдік капитал түсімінің қысқаруы әсерін

т и г і з д і .

Қалыптасқан ахуалды өзгерту мақсатында Үкімет Индикативтік жоспар шеңберінде Үкіметтің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың Жоспарын қабылдады (Үкіметтің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 және 1999 жылғы 5 ақпандағы N 86 қаулылары), оларға сәйкес 1999 жылы 334 тапсырманы іске асыру көзделген болатын, олардан 131 іс-шара орындалды.

Үкіметтің іс-қимылдар Бағдарламасының іс-шаралар Жоспарына сәйкес үстіміздегі жылдың 7 айында барлығы 18 Заң қабылданды, Қазақстан Республикасы Президентінің 3 Жарлығына қол қойылды, Үкіметтің 88 қаулысы, 15 бағдарламалық құжат, 53 ведомстволық акт бекітілді, Үкіметке 80-нен астам ақпараттық-талдау материалдары ұ с ы н ы л д ы .

Елдің әлеуметтік-экономикалық, ең алдымен қаржы жағдайына тікелей әсерін тигізген, дүниежүзілік экономиканың дамуында болып өткен түбегейлі өзгерістерден туындаған экономикалық ахуалдың одан әрі нашарлауына байланысты Президентте өткен кеңестің 1999 жылғы 9 маусымдағы N 01-9/7 хаттамасына және Премьер-Министрдің 1999 жылғы 23 маусымдағы N 88-р өкіміне сәйкес Үкімет 1999 жылдың екінші жарты жылдығына және 2000 жылға арналған Үкіметтің іс-қимылдар Бағдарламасын және, тиісінше, оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірледі .

Үкімет бюджетті нақтылау жөнінде шұғыл шаралар қабылдады, мемлекеттік бағдарламаларды өзара үйлестіру жүзеге асырылды және соған сәйкес экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін қажетті, нақты орындалатын іс-шаралар айқындалды. Осы Жоспардың шеңберінде жыл аяғына дейін 146 тапсырманы орындау көзделіп отыр.

Көзделген іс-шаралар макроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақты деңгейін сақтауға, отандық тауар өндірушілерді қолдауды қамтамасыз етуге, салықтық әкімшілік етуді жақсартуға, салық жинауды арттыруға, бюджетте көзделген іс-шараларды неғұрлым толық қаржыландыруға, әлеуметтік саладағы, бірінші кезекте - денсаулық сақтауда, білім беруде және зейнетақымен қамсыздандыруда реформаны жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

3. Қазақстан Республикасының 2000 жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатының мақсаттары мен міндеттері

2000 жылы Үкімет елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мынадай негізгі: макроэкономикалық, оның ішінде дағдарысты тезірек жеңуге және экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған салық, бюджет, ақша-несие саясатын үйлестіру; реформаларды микроэкономика деңгейіне ауыстыру; аймақтарды бюджеттік шығынның бір тұрғынға жұмсалатын деңгейі бойынша

теңестіру және біртіндеп орталық пен аймақтар арасындағы тұрақты фискальдық қарым-қатынасқа көшу;

мемлекеттік меншікті жекешелендіру бағдарламасын іске асыру және мемлекеттің қалған активтерін тиімді басқару;

басымдықты бағдарламалар негізінде барлық деңгейдегі бюджетті қалыптастыруға көшу;

қолы бос халықты қоғамдық жұмыстар жүргізуге тартуды жандандыру; жұмыспен қамтудың аймақтық проблемаларын шешуде жергілікті атқарушы органдардың ролін арттыру;

зейнетақы жинақтарының сақталуын одан әрі қамтамасыз ету мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмысының нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

табиғи монополистерді белсенді түрде монополиясыздандыру және қайта құрылымдау;

денсаулық сақтау мен білім беруді реформалау; елдің банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және қазақстандық банктердің нақты сектор субъектілерін несиелендіруін кеңейту үшін тартымды жағдайлар туғызу міндеттерін шешуі тиіс.

Агроөнеркәсіп кешенінің салаларын дамытуды қамтамасыз ету, импортты алмастыру және отандық өндірушілерді теріс пиғылды бәсекеден қорғау саясатын жүргізу, номенклатураны кеңейту және дүниежүзілік рыноктарға өнім экспортын арттыру, сондай-ақ әлеуметтік көмектің атаулылық дәрежесін жоғарылату мақсатында экономикаға инвестициялар тарту үшін жағдайлар жасау көзделіп отыр.

Тұрақты экономикалық өсу үшін қолайлы макроэкономикалық жағдайларға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі экономиканы ақша-несиелік, бюджеттік және салықтық реттеудің әдістерін күшейтуді ойластыруда. Бұл жағдайларда Үкіметтің негізгі міндеті аса маңызды макроэкономикалық параметрлердің - теңгенің айырбас бағамының, инфляцияның, мемлекеттік бюджет тапшылығы және еліміздің төлем балансы тапшылығы деңгейлерінің тепе-теңдігін сақтау

болып табылады.

Нақты секторды сауықтыру жөнінде шаралар қолданылатын болады.

2000 жылдың аяғына қарай экономикадағы негізгі құрылымдық қайта құруларды аяқтау жобалануда, жалпы ішкі өнімде жеке меншік сектордың үлесінің өсуі жалғасады, өндірісті кезекті диверсификациялау үшін негіз қаланатын болады.

Жоғарыда келтірілген іс-шаралар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың екінші жарты жылдығына және 2000 жылға арналған іс-қимылдар

Бағдарламасында баяндалған мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға бағытталған.

2000 жылы 1999 жылмен салыстырғанда мынадай мақсатты индикаторларға қол жеткізу жоспарланады:

	1999 жыл бағалау	2000 жыл жыл болжам
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге	1824,1	2128
Алдағы өткен жылға % есебімен алғанда	98,5	101,0
ЖІӨ-нің нақты өзгеруі		
ЖІӨ жан басына шаққанда, мың теңге	122	142,3
Халықтың табысының нақты өсуі, %	101,5	100,5
Ең төменгі күнкөріс деңгейі	3716	3979
Өткен жылға % есебімен алғандағы экспорт	88,8	101,2
Өткен жылға % есебімен алғандағы импорт	79,7	100
Жылдық орташа тұтыну бағаларының индексі	7,1	15,0
Мемлекеттік бюджеттің табыстары, млрд.теңге	429,6	479,2
ЖІӨ-ге % есебімен алғанда	23,6	22,5
Бюджет тапшылығы, млрд. теңге	66,1	63,8
ЖІӨ-ге % есебімен алғанда	3,6	3,0
Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы, жылына орташа алғанда	119,1	157
Өнеркәсіп өнімінің көлемі (жұмыс, қызмет көрсетулер), млрд. теңге	902	1038
нақты деңгейі, %	98,8	103,0
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі, млрд.теңге	293	319,6
нақты деңгейі, %	112,1	105,4
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд.теңге	175,9	188,5

4. Қазақстан Республикасының 2000 жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттары

4.1. Макроэкономикалық аспект

Ақша-несие саясаты

Әлемдік қаржы дағдарысының салдарларын бейтараптандыру және өндірістің өсуін жаңғырту мақсатында 2000 жылға дейінгі кезеңде ақша-несие саясаты инфляцияны тежеуге, айырбас бағамының салыстырмалы тұрақтылығын қамтамасыз етуге және қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтауға бағытталады. Оны ойдағыдай іске асырудың негізгі шарты қаржы рыноктарын дамыту және тереңдету, банк жүйесінің сенімділігін одан әрі арттыру, елдің төлем балансының жағдайын жақсарту болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі номиналдық және нақты проценттік ставкалардың, номиналдық және нақты валюта бағамының, экспортқа және импортқа жататын тауарларға әлемдік бағалардың, түрлі қаржы құралдарының табыстылығының динамикасын қадағалап отыратын болады.

1999-2000 жылдар ішінде Ұлттық Банк теңгенің еркін айналымдағы айырбас бағамы режимін ұстауды қалайды. Мұндай режим айырбас бағамының мақсатты көрсеткіші болмауын көздейді. Сұраныс пен ұсынымдардың қысқа мерзімді үйлесімсіздіктерін бәсеңдету, алтын валюталық активтерді толықтыру және теңгені жаппай алып-сатарлықтан қорғау үшін қажеттілігіне қарай елдің ішкі валюта рыногында шетелдік валютаны сатып алу және сату жөніндегі операциялар жүзеге асырылатын болса да, валюталық басқыншылық болмайды.

Банк жүйесін одан әрі нығайту және шоғырландыру олардың жұмысын банк қызметінің халықаралық стандарттарына жақындату және банктік бақылаудың жаңа құралдарын қолдану жолымен банктердің капиталдану және қаржылық тұрақтылық деңгейін жоғарылату жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Өртүрлі нысандағы банктердің тұрғындардың депозиттерін сенімді орналастыруын дамытуға және ұжымдық сақтандырудың банкаралық жүйесін құруға ерекше көңіл бөлінетін болады. Бұл халықтың жинақтарын тартуды, екінші деңгейдегі банктердің тауарлар мен қызмет көрсетілердің отандық өндірісін инвестициялауы мен несиелендіруін, республикада инвестициялық белсенділіктің нығаюын ынталандыратын болады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің алдын-ала бағалауы бойынша мыналар күтіледі:

Қазақстанның төлем балансының ағымдағы шотының тапшылығы 1999 жылы - ЖІӨ-нің 3,5 % деңгейінде, 2000 жылы - ЖІӨ-нің 2,2 % деңгейінде;

Ұлттық Банктің жалпы алтын-валюталық активтері 1999 жылдың аяғында - 1,7 млрд. АҚШ доллары, 2000 жылдың аяғында - 1,6 млрд. АҚШ доллары немесе ел импортының үш айлық көлемінен кем емес мөлшерде болады;

ақша базасы 1999 жылы 20,1 %-ке, 98 млрд. теңгеге дейін, 2000 жылы 12,8 %-ке, 110 млрд. теңгеге дейін кеңейеді;

ақша массасы 1999 жылы 21,6%-ке, 181 млрд. теңгеге дейін, 2000 жылы 16,1%-ке, 210 млрд. теңгеге дейін өседі;

Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкасы 2000 жылдың аяғында жылдық көрсеткіштердің 12-15% деңгейіне дейін төмендейді.

С а л ы қ - б ю д ж е т с а я с а т ы

Қазақстан Республикасының Үкіметі алдағы уақытта елдің экономикалық өсу стратегиясының негізгі принциптеріне, мақсаттарына және басымдықтарына жауап беретін экономикалық саясаттың басқа бағыттарымен өзара тығыз байланысты дәйекті салық және бюджет саясатын жүргізуді көздейді.

Б ю д ж е т с а я с а т ы

Бюджет саясаты мемлекеттік міндеттемелердің шындыққа негізделген деңгейіне көл жеткізуге және экономиканың нақты секторының дамуын ынталандыруға, экономиканың нақты секторын сауықтыру жағдайында бюджеттің басқарылатын тапшылығын сақтау мақсатында мемлекеттік шығыстарды қатаң шектеуге бағытталатын болады.

Мемлекеттік бюджет қаражатын бөлудің және пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында қаржылық бағдарламалау әдістерін енгізу бюджет процесін және мемлекеттік қаржы саласындағы заңдарды жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Бюджетаралық қатынастар реформасы жалғасады.

Орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының ролін арттыру және жауапкершілігін күшейту жөнінде шаралар қолданылатын болады. Орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының арасында өкілеттіктерді бөлу арқылы мемлекеттік қызметті реформалау жалғастырылатын болады.

Мемлекеттік бюджеттің қаражатын жұмсаудың негізгі басымдықтары бұрынғысынша мемлекеттік қарызға қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелердің орындалуы, әлеуметтік сипаттағы шығындарды тиімді қамтамасыз ету және мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын орындау болады. Мемлекеттік бюджет қаражаттарын жұмсауды бақылау жүйесіне ерекше көңіл бөлінетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджет тапшылығын жабу мақсатында инфляциясыз қаржыландыру көздерін пайдалануды жалғастырады. Сырттан қарыз алудың оңтайлы стратегиясын жасау және мемлекеттік қарызды басқару жүйесінің өзін жетілдіру жөніндегі жұмыс күшейеді.

Мерзімі өткен несиелік қарыздар проблемасын реттеу және борыш міндеттемелерін мүлтіксіз орындау тетігін жасау жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Мемлекеттік сатып алулар жүйесінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіруге

ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ретте барлық мемлекеттік сатып алулар қазіргі уақытта Қазақстанда өндірілмейтін тауарлар мен қызмет көрсетулерді қоспағанда, тендерлік негізде тек жергілікті өндірушілер арасында ғана жүргізіледі.

Үкімет мемлекеттік меншікті жекешелендіру мәселесінде мынадай негізгі міндеттерді:

республикалық бюджетке қаражаттың барынша көбірек түсуін және тиімді меншік иелерінің келуін қамтамасыз ететін "көгілдір фишкалар" акцияларының және ірі жекешелендіру объектілерінің мемлекеттік пакеттерін сатуды;

"екінші эшелонның" кәсіпорындарын жекешелендіруді аяқтауды;
бұрын сенімгерлік басқаруға берілген объектілерді жекешелендіруді басшылыққа алады.

Салық саясаты

Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық саясатының алдағы кезеңге арналған басым бағыттары:

қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы фискалдық саясатты жетілдіру;

республикалық және аймақтық маңызы бар ірі салық төлеушілердің мониторингінің электрондық жүйесін енгізу;

ресми экономиканың өсуі үшін, әсіресе патенттік тетіктерге көшу принциптерін іске асыру жолымен шағын бизнес саласында, жағдайлар жасау;

акциздердің толық түсімін қамтамасыз ету және акцизделетін тауарларды жасырын өндірумен және оның айналымымен күресті күшейту мемлекеттік бюджетке берешекті азайту жөнінде шаралар қолдану бюджетке борышқорлармен жұмысты күшейту;

салық және кеден органдары жұмысының автоматтандырылған және телекоммуникациялық жүйелерін енгізу болып табылады.

И н в е с т и ц и я л ы қ қ ы з м е т

Үкімет тікелей инвестициялардың ағымын кеңейтуді және мемлекеттік инвестицияларды үнемді пайдалануды көздейді.

Алдағы кезеңге арналған қызметтің негізгі бағыттары экономиканың басымдықты секторларына тікелей инвестицияларды ынталандыруды жақсартуға бағытталған тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру, жер қойнауын

пайдалану саласында тікелей инвестицияларға жәрдемдесу, инвесторлардың заңды құқықтарын қорғау, халықаралық ұйымдармен бірлесіп реттеуші және саяси қатерлерді жабу кепілдіктерінің тетігін әзірлеу болмақшы.

Республика Үкіметі мемлекеттік инвестициялар саласында жобаларды дайындауға, талдау мен іріктеуге қойылатын талаптарды жоғарылатуды және реттеуді ойластыруда.

Мемлекеттік инвестициялау саласындағы негізгі міндет - шектеулі мемлекеттік және мемлекет тартатын қаражатты экономиканың басымдықты секторларына үнемді және тиімді инвестициялауға қол жеткізу.

Қазақстанның инфрақұрылымын жетілдіру үшін үлкен маңызы бар мына объектілердің құрылысы жалғастырылатын болады:

Ақтау қаласындағы теңіз портын қайта жаңарту;

Семей қаласында Ертіс өзені арқылы көпір салу;

Астана қаласында халықаралық әуежай салу;

"Достық" темір жол станциясының қуатын дамыту бірқатар автомобиль жолдарын жаңғырту (Гүлшат-Ақшатау, Алматы-Георгиевка, Қарағанды-Астана, Ақшатау-Қарағанды және басқалары);

топтық магистральдық су құбырларын қайта жаңарту;

Астана қаласының әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымын одан әрі дамыту.

Болжамдық есептеулер бойынша келесі жылы барлық қаржыландыру көздері есебінен негізгі капиталға инвестициялар үстіміздегі жылдағыға қарағанда 7,2% артады, ал бюджеттік көздерден қаржыландыру қысқара түседі.

Әлеуметтік сала объектілерін және аса маңызды өндірістік қуаттарды пайдалануға беру мыналарды құрайды: тұрғын үйлер - 1193 мың шаршы метр; мектептер - 3060 оқушы орны; газ құбырлары - 73 км; темір жолдар - 40 км; қатты жамылғылы автомобиль жолдары - 67 км; топтық магистральдық су құбырлары - 207 км, т у р б и н а л а р - 4 7 М в т .

С ы р т қ ы э к о н о м и к а л ы қ к ы з м е т

Алдағы кезеңнің сыртқы экономикалық саясаты отандық тауар өндірушілерді қолдаудың ұлттық идеясын жариялауға, оларды қорғауға және қазақстандық тауарлар мен қызмет көрсетулердің сыртқы дүниежүзілік рыноктарға жылжуына жәрдемдесуге бағытталатын болады.

Үкімет алдағы кезеңде Кеден Одағы, Орталық Азия Экономикалық Одағы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде интеграцияны одан әрі дамыту ниетінде

Құрылымдық реформаларды бірлесіп қаржыландыру, еліміздің беделін нығайту мақсатында Қазақстанның әртүрлі халықаралық сауда-экономикалық одақтарға толық

құқылы мүше ретінде қатысуы үшін халықаралық ұйымдармен және шетелдік мемлекеттермен ынтымақтастық жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Э к с п о р т

Алдағы кезеңде экспортқа бағытталған өндірістерді дамыту оларды жаңа рыноктарға жылжыту есебінен дәстүрлі тауарларды сату көлемін ұлғайту және экспорт құрылымын жақсарту көзделеді.

Қосылған құны жоғары өнімнің экспортын несиелендіру және сақтандыру тетіктерін қалыптастыру негіздері қаланатын болады.

Сыртқы рынокта тауарлар демпингін және келісім-шарт бағаларының төмендеуін болдырмау мақсатында тауарлар экспортының баға мониторингі жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын халықаралық стандарттарға жақындату көзделеді.

Дүниежүзілік саудадағы тең құқықты әріптестік шарттарын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіруін дайындау жөніндегі жұмыс күшеюде. Бұл Қазақстанның сыртқы саудадағы мүдделерін кемсітуге жол бермеуге, басқа елдердің рыноктарына еркін кіруін қамтамасыз етуге және жеңілдіктердің жалпыға бірдей жүйесінің шеңберінде

осы елдерден сауда жеңілдіктерін алуға мүмкіндік береді.

2000 жылға арналған сыртқы сауда айналымы көрсеткіштерінің болжамы негізінен экономиканың экспортқа бағытталған салаларының секторындағы тұрақтану үрдісіне және белгілі дәрежеде өсуіне негізделген.

Мұнай, ферроқорытпалар, қара металдар прокаты, түйіршіктелген мыс, өңделмеген мырыш Қазақстан экспортының басты баптары болып қала береді.

Экспорт өнімдері негізгі түрлерінің болжамы

млн. долл.

	1998 жыл есеп	1999 жыл бағалау	2000 жыл болжам	
Экспорт, барлығы	5839	5185	5250	
Мұнай және газ конденсаты		1650,5	1800	2100
Мұнай өнімдері	51,7	26	30	
Көмір	323,2	170	180	

Ақ қаңылтырды қоса алғанда, қара металдар прокаты	515,9	550	600
Қымбат бағалы металдар	229,2	180	220
Тазартылған мыс және қорытпалар	507,9	460	460
Өңделмеген мырыш	181,6	163	174
Темір рудалары	177,7	36	122
Алюминий оксиді және гидрооксиді	80,1	140	140
Ферроқорытпалар	224	250	250
Мақта талшығы	51,9	45	50
Бидай және меслин	259	168	200

Импорт

Алдағы уақытта импортты реттеу мақсатында мыналар көзделеді:

импорты отандық өндірушілерге зиян келтіретін, елде жеткілікті

мөлшерде шығарылатын тауарлардың импортын реттеудің тарифтік және тарифтік емес шараларын енгізу;

уақытша демпингке қарсы, өтемдік және қорғау шараларын енгізу;

ішкі және сыртқы сауданың ақпараттық, құқықтық базасын жетілдіру;

дамушы елдерден тауарлар импортын қысқарту мақсатында дамушы елдерге жеңілдіктер беру тәсілін қайта қарау.

Отандық ұйымдарды сыртқы сауда саясатының шараларымен қолдау жоғары технологиялық инвестициялық тауарлар әкелуді ынталандыру жолымен жүзеге асырылатын болады.

Импортты реттеудің нәтижесі экономиканы өнеркәсіптік қайта құрылымдауды және отандық рынокты сапасыз өнімдерден қорғауды ынталандыруға мүмкіндік беретін оның тауарлық құрылымын оңтайландыру болуы тиіс.

Белгіленген шараларды іске асыру сауда балансының тапшылығын қысқартуға мүмкіндік туғызатын болады.

Импортталатын өнімнің негізгі түрлерінің болжамы

млн. долл.

1998 жыл	1999 жыл	2000 жыл
есеп	баға	болжам

Импорт, барлығы	6589	5250	5250
Электр энергиясы	81,7	79	68
Табиғи газ	112,7	147	147
Кокс және жартылай кокс	43,3	38	36
Мұнай өнімдері	184,7	80	120
Ет және ішек-қарын	33,5	24	21
Өсімдік майлары	30,2	30	27
Қант	90,7	100	100
Кондитер бұйымдары	34	23	22
Алкоголь ішімдіктері	24,8	10	8
Темекі және темекі өнімдері	40,9	25	23
Дәрі-дәрмектер	67,7	55	60
Шиналар	29	30	30
Жеңіл автомобильдер	125,8	230	180
Жүк автомобильдері	31,3	27	30
Жиһаз	61,5	50	48
Машиналар мен жабдықтар	1020,1	900	1000

Баға және монополияға қарсы саясаты

Бәсекелестікті дамыту және монополияға қарсы қатаң саясат жүргізу алдағы кезеңде бағаны тұрақтандырудың және тауарлар мен қызмет көрсетулердің сапасын арттырудың аса маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылады.

Табиғи монополиялардың қызметін реттеуді одан әрі жетілдіру үшін 2000 жылы мынадай мәселелер шешілетін болады:

табиғи монополиялар субъектілерінің экономикалық қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, олардың баланстары мен олар бойынша жүргізілген аудиторлық тексерулердің нәтижелерін жыл сайын жариялап отыру;

монополистік қызметті шектеу және тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын қ о р ғ а у ;

шығындарды жабуды және пайданың әділетті ставкасын алуды қамтамасыз ететін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне әділетті бағалар (тарифтер) б е л г і л е у ;

салааралық, салаішілік және аймақтық баға басымдықтары мен баланстарын сақтау;

шығындарды оңтайландыру, көрсетілген қызметтер үшін төлемдер жинауды

жақсарту, шығындарды қысқарту, капиталдың пайдаланылуын жақсарту, жаңа технологияларды енгізу.

Үкімет сондай-ақ мынадай міндеттерді шешу үшін жұмысты жандандыру ниетінде:
тауар рыногында бәсекелестік жағдайын анықтау;
табиғи монополиялар саласында ұйымдарды құрылымдық жағынан қайта ұйымдастыруды жүргізу тауар және қаржы рыноктарында жаңа монополиялардың құрылуына әкеліп соғатын топтық мүдделердің бірігіп кетуіне жол бермеу;
қолданылып жүрген заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың шаруашылық жүргізуші субъектілердің шаруашылық қызметіне араласуын болдырмау;
қаржылық қызмет рыногында бәсекелестікті қорғаудың ұйымдық және құқықтық негіздерін нығайту.

Өндіріске жұмсалатын күнделікті шығындарды азайтуға, көрсетілетін қызметтердің тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған инвестициялық бағдарламаларды іске асыру ынталандырылатын болады.

Бағалы қағаздар рыногын дамыту

2000 жылы портфельдік инвестицияларды нақты экономикаға тарту үшін қажетті жағдайлар туғыза отырып ішкі жинақтар мен әлеуетті шетелдік инвесторлардың қаражаттарын жұмылдыру мен қайта бөлудің тетігі ретінде бағалы қағаздардың қазақстандық рыногын дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының 1999-2000 жылдарға арналған бағалы қағаздар рыногын дамыту Бағдарламасын орындау жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Инвесторлардың құқықтарын және олардың заңмен қорғалатын мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссияның ролін күшейту көзделеді.

Бұл бағыттағы іс-шаралардың аса маңыздыларының бірі "Бағалы қағаздар рыногында инвесторлардың құқықтарын және олардың заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы" заң жобасын әзірлеу болып табылады.

4.2. Нақты секторды дамыту

Өнеркәсіп

2000 жылы өнеркәсіптің экономикалық дамуының негізгі мақсаты оны қалпына келтіру және дамыту, өнім өндіруді ұлғайту (жұмыс, қызмет көрсетулер) үшін: агроөнеркәсіп кешенінің, күнделікті сұраныстағы тауарларға ішкі рыноктың қажеттерін қамтамасыз ететін салалардың, сондай-ақ еліміздің мұнай өндіруші және

кен-металлургия кәсіпорындары үшін технологиялық жабдықтар кәсіпорындарын
д а м ы т у ;

көмірсутегін және минералдық шикізатты өндіруге және өңдеуге негізделген экспорттық әлеуетті дамытуды ынталандыру, өндірістік-техникалық мақсаттағы бәсекеге қабілетті өнім шығаруды игеру жолымен нақты алғышарттар жасау болмақ.

Үкіметтің өнеркәсіп саясатының негізгі бағыттары отандық өндірушілерді қорғау жөніндегі шаралар кешенін іске асыру, компаниялардың басқарушыларының өндірісті қалпына келтіру және тұрақтандыру үшін жауапкершіліктерін арттыру, дүниежүзілік деңгейдегі стандарттар жүйесін құру экспорттаушылар кәсіпорындары бағаларының деңгейін дүниежүзілік рыноктың бағаларымен барынша теңестіру жөніндегі шараларды іске асыру болып табылады.

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін мынадай шаралар кешені салатын болады:

Дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін және қазақстандық өнімнің дүниежүзілік рыноктың талаптарына сай келуін қамтамасыз ететін стандарттар жүйесін, сондай-ақ импортталатын тауарларды сертификаттау және бақылау жүйесін әзірлеу басталады.

Шикізатты тиімді пайдалану және қалдықтар мен техногендік кен орындарын қайта өңдеуге тарту үшін цифрлық геоақпараттық жүйелер негізінде кадастрлар жүйесі құрылатын болады.

Тікелей инвестицияларды импорт алмастырушы өндірістерге, сондай-ақ ауыл шаруашылығымен байланысты салалардың дамуына тарту жөніндегі заңдық база жетілдірілетін болады. Алдағы уақытта нормативтік базаның тұрақтылығын қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды келісу және іске асыру рәсімдерін оңайлату қажет.

Үкімет жекешелендіруші келісім-шарттардың және кәсіпорындарды шетелдік және отандық фирмалардың басқаруына беру жөніндегі келісім-шарттардың орындалуына бақылауды күшейтуді, сондай-ақ Қазақстан өнеркәсібінің мұнай өндіруші, энергетикалық және кен-металлургиялық секторларында технологиялық процесті қамтамасыз ететін кәсіпорындар

жүйесін дамытудың келісілген және өзара тиімді саясатын жүргізу жөнінде компаниялардың басқарушыларымен үлгілік келісімді әзірлеуді ойластыруда.

Өндірілген өнімнің негізгі көлемі бұрынғысынша ірі және орташа кәсіпорындардың үлесіне келетін болады.

Өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерін өндірудің болжамы

1998 жыл	1999 жыл	2000 жыл
есеп	баға	болжам

Көмір, млн. тонна	68,1	53	60
Мұнай және газ конденсаты, млн. тонна	25,9	28,7	31
Табиғи газ, млрд. текше метр	8,2	9,6	10
Темір рудасы, (тауарлық), мың тонна	9301,6	6172	8000
Мыс рудасы, мың тонна	31043	33750	36280
Хромит рудасы, мың тонна	1603	1930	2040
Қорғасын-мырыш рудасы, мың тонна	5059	5100	5200
Мыс-мырыш рудасы, мың тонна	3320,8	3400	3800
Бокситтер, мың тонна	3436,8	3670	3600
Марганец қорытпасы, мың тонна	348,9	400	420
Темірден немесе болаттан алынған тегіс прокат, оның ішінде сырлы табақ және қаңылтыр, мың тонна	2556,5	3100	3400
Ферроқорытпалар, мың тонна	726	822	1000
Глинозем, мың тонна	1085,2	1100	1100
Тазартылған мыс, мың тонна	324,8	348	360
Қорғасын, екіншісін қоса алғанда, мың тонна	91,5	100	110
Мырыш, мың тонна	241,5	248	252
Электр энергиясы, млн. кВт/сағ.	49847	48000	50000

Ғылыми-технологиялық саясат

Ғылыми-технологиялық саясат оны іске асырудың негізгі тетіктері "Қазақстан Республикасының мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясаты Тұжырымдамасында" берілген жалпы әлеуметтік-экономикалық саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Ғылым мен техниканың басым бағыттары нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталады, олар мыналар:

экспорттық өнімді арттыруға және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамытуға мүмкіндік туғызатын, тез өтелімді жобалар жасау және енгізу;

кен-металлургиялық кешенде ресурс сақтаушы технологиялар негізінде минералдық шикізатты кешенді пайдалану биотехнологияның және тектік инженерлік ілімнің әдістерін медицинада, ауыл шаруашылығында және

өнеркәсіпте пайдалану;
ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелер құру;
жоғары тиімділікті технологиялар, машиналар және жабдықтар жасау;
экономикалық реформаның ғылыми негіздерін әзірлеу;
ауыл шаруашылығы малдарының жоғары өнімді тұқымдарын жедел шығарудың әдістерін әзірлеу;
жаңа материалдар, химиялық өнімдер жасау;
табиғатты тиімді пайдалану;
энергетиканы дамыту проблемалары;
көміртектік шикізатты барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау проблемалары.

Тұжырымдамалардың негізінде экономиканың әрбір басымдықты саласына Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың Тұжырымдамалары (РМҒТБ) әзірленді.

Ауыл шаруашылығы

Үкімет қызметінің алдағы уақыттағы аграрлық сектордағы негізгі бағыттары:

нақты және тиімді меншік иелерін қалыптастыру, олардың бірлесуі және өз еріктерімен бірігуі үшін жағдай жасау;

саланы басқару жүйесін жетілдіру және нарықтық инфрақұрылымды, өнімді ұқсату жүйесін, ауыл шаруашылығы маркетингін дамыту;
агроөнеркәсіптік секторда өңдеуші өндірістерді дамыту;
ауылдағы қаржы-несие саясатын жетілдіру және саланы мемлекеттік қолдау.

Үкімет ауылдағы әлеуметтік саясаттың белсенділігін арттыруды, ауылдың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуде ауыл әкімдерінің өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін жоғарылатуды ойластыруда.

Шағын несиелендіру жүйесін жетілдіру және оны дамыту үшін жаңа қаржы көздерін іздестіру және осы негізде - ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудың өсуін ынталандыру жөнінде шаралар қолданылатын болады.

Ауыл шаруашылығын қаржыландыру үшін бюджет қаражаттарын уақытында және

толық бөлу, алыстағы селолық аудандардың, сондай-ақ экономикасы құлдыраған аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауылдық және аудандық әкімдері, сондай-ақ фермерлерді және ауылдағы басқа да меншік иелерін нарықтық жағдайдағы жұмыс бойынша оқыту, даярлау және оларға консультация беру

жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің болжамы

	1998 жыл есеп	1999 жыл баға	2000 жыл болжам есебімен алғанда	1999 ж. 1998 жылға % алғанда	2000 ж. 1999 жылға есебімен
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, млрд. теңге	246,1	276	308,9	112,1	105,4
оның ішінде:					
өсімдік шаруашылығының өнімі	101,9	133,4	149,7	130,9	108,1
мал шаруашылығының өнімі	144,2	142,6	159,2	98,9	103,0
Астық (тазартылған. нан кейінгі салмақ. пен), мың тонна	6395,5	9660	10000	151,0	103,5
оның ішінде:					
бидай, мың тонна	4746,3	7400	7500	155,9	101,4
Шикі мақта, мың тонна	161,6	220	230	136,1	104,5
Қант қызылшасы (фабрикалық), мың тонна	224,9	260	280	115,6	107,7
Майлы дақылдардың тұқымдары, мың тонна	132,1	150	160	1113,6	106,7
Картоп, мың тонна	1262,9	1420	1420	112,4	100,0
Көкөністер, мың тонна	1079,2	1100	1200	101,9	109,1
Мал және құс (сойыс салмағымен), мың тонна	641,5	560	570	87,3	101,8
Сүт, мың тонна	3394,3	3400	3500	100,2	102,9
Жұмыртқа, млн. дана	1388,4	1500	1600	108,0	106,7
Жүн (нақты салмағы), мың тонна	25,2	23	25,7	91,3	111,7
Қаракөл және елтірі,					

мың дана	214,3	130	115	60,7	88,5
Тері шикізаты:					
ірі, мың дана	2303,3	1900	1900	82,5	100,0
ұсақ, мың дана	5350,7	4750	5000	88,8	105,3
шошқа терісі, мың дана	116,7	200	200	171,4	100,0

Көлік-коммуникация кешені

Отандық өнімнің өзіндік құнын кеміте отырып экономиканың және қоғамның көліктік және ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру республиканың көлік-коммуникация кешенін дамытудың негізгі міндеттері болып табылады.

Елдің көлік-коммуникациялық рыногында тасымалдаушылар мен операторлар үшін заңдық базаны дамыту және жетілдіру жұмыстың аса маңызды бағыттарының бірі болмақшы. Салада табиғи монополистердің қызмет аясын тарылтуды және жекелеген функцияларды жеке секторға беруді көздейтін қайта құрылымдау саясаты жалғастырылатын болады.

Үкімет мынадай міндеттерді шешу жөніндегі жұмысты жандандыру ниетінде: жұмыс істеп тұрған көлік-коммуникация желілерін жаңарту және дамыту; тасымалдаудың озық технологияларын енгізу жылжымалы көлік құрамын сапа жағынан жаңарту;

басқарудың қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерін енгізу; темір жол көлігін монополиясыздандыру бағдарламасын енгізу; SDN берілісі цифрлық жүйесінің технологиясын пайдалана отырып,

байланыстың талшықты-оптикалық желілері негізінде Ұлттық Ақпараттық Супермагистраль салу;

Халықаралық Коммутация Орталықтарын салу және ұқсас автоматтандырылған қалааралық телефон станцияларын ауыстыру; деректер берудің ұлттық желісін құру; қазақстандық туристік өнімді дүниежүзілік рынокқа жылжыту үшін шетелдік және отандық инвестицияларды тарту; аймақтық авиакомпанияларды біріктіру және ірілендіру; аэронавигациялық қызмет көрсету саласында техникалық қайта жарақтандыру.

Тұрғын үй құрылысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі алдағы кезеңде өнеркәсіп, денсаулық сақтау демалыс және туризмнің аса маңызды объектілерін жобалау және салу жөніндегі міндеттерді оңтайлы шешуді қамтамасыз етуді ойластыруда.

Елдің бүкіл аумағында мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құру және жүргізу жөніндегі жұмыс жүйелі түрде жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі халықты және коммерциялық үй салушыларды ипотекалық несиелендіру оның ішінде тұрғын үйді сатып алу құқығымен ұзақ мерзімге жалға берудің жаңа әдістерін дамытуды жоспарлауда.

2000 жылы тұрғын үй құрылысының бюджеттен тыс көздерінің жүйесін құру т ұ ж ы р ы м д а м а с ы қ а б ы л д а н а д ы .

Мәселен, алдағы кезеңде барлық қаржыландыру көздерінің есебінен 1193 шаршы метр немесе 15283 млн. теңге көлемінде тұрғын үйлерді пайдалануға беру жоспарлануда, ол 1999 жылға қатысты алғанда 103,7% құрайды, бұл ретте халықтың қаражаты есебінен 920 мың шаршы метр немесе 5900 млн. теңге тұрғын үй салынатын болады, бұл пайдалануға берілетін тұрғын үйлердің жалпы көлемінің 77%-ін құрайды.

Бәсекелестік тұрғын үй рыногын дамытуға ерекше көңіл бөлінетін болады.

Коммуналдық жылу энергетикасын дербес жылыту жүйелеріне көшіруге кірісу, сондай-ақ суды және жылу тасымалдағыштарды есептеу аспаптарын одан әрі енгізу көзделетін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реформалау жөнінде жұмыс жү р г і з і л е т і н б о л а д ы .

Ш а ғ ы н к ә с і п к е р л і к

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың бағдарламасы алдағы кезеңде шағын кәсіпкерліктің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді, экономиканың басым секторларында оның үлесін арттыруды, жаңа жұмыс орындары санының өсуін, нақты бәсекелестік орта құруды, қоғамның орта жігінің негізі ретінде меншік иелерінің қалың тобын қалыптастыруды көздейді.

Бағдарламаның мақсаттарын іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

нарықтық инфрақұрылымның оңтайлы институттарын қалыптастыру және дамыту;

жеке сектордың несие ресурстарына қол жеткізу тетіктерін игеру;

шағын бизнес үшін кадрларды даярлау қайта даярлау және біліктіліктерін

арттыру жүйесін ұйымдастыру;

шағын кәсіпкерлікті қорғау және дамыту саласында нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру;

шағын бизнесті өндірістік, қаржылық, инновациялық және басқа салаларда қолдау және дамыту;

шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелерінде үкіметтік емес ұйымдардың ролінің күшеюі.

Шағын бизнесті қолдау және дамыту мақсатында фискалдық органдар шағын кәсіпкерліктің субъектілері - заңды тұлғалар үшін салық салудың жеңілдетілген режимі туралы Ереженің жобасын әзірледі.

Жоғарыда аталған Бағдарламаның негізгі іс-шараларын нақты іске асыру нәтижесінде 2000 жылдың аяғына қарай шағын кәсіпкерлік субъектілері санының өсуі, жұмыс орындарының, шағын бизнес саласында жұмыс істейтін адамдар санының және елде өндірілетін жалпы ішкі өнімде шағын кәсіпкерлік субъектілері үлесінің артуы к ү т і л е д і .

4.3. Халықты әлеуметтік қорғау

Республикада кедейлік дәрежесіне қарай әрбір нақты отбасына сараланған тәсілді қамтамасыз ету жолымен аймақтарда атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесі жетілдірілетін болады. Кедейлік шегінің мөлшері қайта қаралып отырылатын болады және экономиканың тұрақтану мүмкіндігіне қарай ең төменгі күнкөріс деңгейіне ж е т к і з і л е д і .

Үкімет ынтымақтастық зейнетақы жүйесіне жұмсалатын шығындарды салыстырмалы түрде төмендету және зейнетақы реформасын үйлестіру жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н а д ы .

Зейнетақы жүйесін құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіру, зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорларының жұмысының нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарлануда.

Мүгедектерді сауықтыру бағдарламасын қабылдау, мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және түзетушілік педагогикалық қолдау көрсету ақыл-ойының, дене мүшелерінің дамуында кемшіліктері бар балаларды тәрбиелеумен, оқытумен, еңбекке және кәсіби даярлаумен байланысты проблемаларды шешу жоспарлануда.

Бас еркінен айыру орындарынан оралған адамдар және белгілі тұрағы жоқ адамдар үшін әлеуметтік бейімделу мен еңбек арқылы сауықтырудың аумақтық

орталықтарын құру жөнінде үлкен жұмыс күтіп тұр.

Өндірісте жұмыс істейтіндердің өмірі мен денсаулығын сақтау жөнінде азаматтарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету үшін ұйымдардың өндірістік объектілерінің жұмыс орындарын құжаттандырудың тетігі әзірленетін болады.

Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі негізгі көрсеткіштердің болжамы

	1998 жыл есеп	1999 жыл баға	2000 жыл болжам
Зейнеткерлердің жылдық орташа саны, мың адам	1985,8	2027,9	1966,3
Жалақының ең аз мөлшері, теңге	2395	2605	2680
Зейнетақының ең аз мөлшері, теңге	3000	3000	3500

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету

Қоғамдық жұмыстарды кеңінен ұйымдастыру жолымен жұмыссыздықты қысқарту, кәсіпкерлікті және өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуді дамыту үшін қолдау көрсету және жағдайлар жасау, кәсіби даярлаумен және қайта даярлаумен, еңбек ресурстарын аймақтар арасында қайта бөлуге мүмкіндік беретін ақпараттық база құрумен және оны қолдаумен қатар несиелер және шағын несиелер беру арқылы жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі бағдарламаларға қатысу жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Осылай аталатын "жасырын" жұмыссыздықты жария ету процесі жалғастырылады. Тұтасымен алғанда республика бойынша жұмыссыздық деңгейі алдын ала алынған деректер бойынша экономикалық белсенді халықтың 5,7%-і шегінде күтілуде.

Еңбек рыногында экономиканың аграрлық секторындағы халықтың жұмыспен қамтылуы ерекше маңызды орын алады.

Жастарды, атап айтқанда, мектептердің және басқа білім беру ұйымдарының бітірушілерін жұмыспен қамту және еңбекке орналастыру мәселелері шешілуін күтіп тұр.

Шамамен бір мың адам оралмандарды жұмысқа орналастыру проблемасын шешу қажет болады.

Жұмыспен қамту мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері мен жауапкершіліктері анағұрлым кеңейеді.

Б і л і м б е р у

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңының негізінде орта және кәсіптік білім беру жүйесінде 2000 жылы азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін білім алуға конституциялық құқын қамтамасыз етуге, мектеп жасындағы балаларды оқуға толық қамтуға бағытталған жұмыс жалғастырылатын болады, ол үшін мыналар іске асырылатын болады:

"Білім туралы" Заңды іске асыру жөніндегі барлық нормативтік құжаттар қ а б ы л д а н а д ы ;

"Білім" Мемлекеттік бағдарламасы жетілдіріледі;

оқулықтардың жаңа буынын шығару, орта білім жүйесін ақпараттандыру және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі бағдарламалар іске асырылады;

оқулықтарды бөлшек саудада сату, бұл ретте аз қамтамасыз етілген отбасыларының балаларын, жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды оқулықтармен бюджет қаражаттарының есебінен қамтамасыз ету, сондай-ақ мектеп кітапханаларының 10 проценттік кітап қорын толықтыру енгізіледі;

білім берудің жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандарттарын енгізу жөнінде ш а р а л а р жү з е г е а с ы р ы л а д ы ;

мектеп директорларының құқықтарын айтарлықтай кеңейтуді ескергенде, саланы басқаруды орталықсыздандыру жүзеге асырылады;

жүйені қаржыландыру тәртібі қайта қаралатын болады.

Жоғары білім жүйесінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңының және білім берудің ұлттық үлгісінің негізінде:

олардың меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан жоғары оқу орындарының студенттер құрамын қалыптастырудың жаңа тәртібі әзірленеді және е н г і з і л е д і ;

жоғары білімді кадрлар даярлау үшін мемлекеттік гранттар мен несиелер жүйесі, сондай-ақ кәсіптік білім алу үшін меншікті білім несиелерінің жүйесі енгізіледі;

елдің жоғары, орта арнаулы және кәсіптік білімді мамандарға нақты қажеттігін б а ғ а л а у жү р г і з і л е д і ;

олардың білім берудің халықаралық стандарттарына сәйкестік деңгейі бойынша жоғары оқу орындарының рейтингтер жүйесі енгізіледі;

білім беру объектілерін осы ұйымдардың ұжымдарын жекешелендіру жөніндегі эксперимент жалғастырылатын болады.

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у

Халыққа медициналық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру денсаулық сақтауды мемлекет қарауынан жеке меншік секторға көшіру бағдарламасын енгізу жолымен

бәсекелестік орта қалыптастыруды көздейді. Мемлекеттік бюджеттің шығындары арнаулы бағдарламаларды іске асыруға, сондай-ақ шұғыл емдік көмек көрсету жөніндегі мекемелерді, қан құю орталықтарын ұстауға, жүйке, онкология, жұқпалы ауруларды, сондай-ақ жүкті әйелдерді, 1 жасқа дейінгі балаларды, адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырғандарды, соғыс мүгедектері мен қатысушыларын және оларға теңестірілген адамдарды емдеуге және аурудың алдын алуға жұмылдырылатын б о л а д ы .

Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету меншік нысанына қарамастан емдеу-профилактикалық ұйымдардың ішінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік тапсырыстарды орындауға тендерлер өткізу, тапсырыстың орындалуын қатаң бақылау, сондай-ақ Медициналық қызмет көрсетулерге ақы төлеу орталығының делдалдық қызметін пайдаланбау жолымен қамтамасыз етілетін болады.

Денсаулық сақтауды басқару жүйесін жетілдіру мыналарды:
өкілеттіктерді барынша аймақтарға және тікелей медициналық қызмет көрсетушілерге беру арқылы орталықсыздандыруды;
халықтың денсаулығын қорғау бағдарламаларын орындауда түрлі ведомстволардың күш - жігерін біріктіруді;
сала саясатын айқындау, стратегиялық жоспарлау және мониторинг, стандарттау арқылы бақылау ғылым, білім беру және кадр саясаты сияқты бірқатар басқарушылық функцияларды орталықтандыруды;
халықтың емдік көмекке қажеттілігін қамтамасыз ететін жеке отбасылық дәрігерлік емханалардың кеңейтілген желісін құруға жәрдемдесуді қамтиды.

Демография және көші-қон

Демографиялық және көші-қон процестеріндегі теріс үрдістерді жеңу үшін "Босқындар туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңын әзірлеу және қабылдау, сондай-ақ "Халықтың көші-қоны туралы" Заңға өзгерістер енгізу көзделеді.

Өзінің тарихи отанына оралуға тілек білдірген оралмандардың отбасыларын қоныс аудару және жайластыру мақсатында 2000 жылға арналып негізделген квота белгіленетін болады.

Аймақтардың әкімшіліктері деңгейінде оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемасын шешу, сондай-ақ өткен жылдар үшін қарызды жою қажет.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану

Мемлекеттік экологиялық саясаттың мақсаты қоршаған ортаның жағдайының нашарлау қарқынын төмендету болып табылады.

Экологиялық ағарту жүйесі қалыптасатын, республикалық және жергілікті

денгейлерде қоршаған ортаны қорғауды басқарудың оңтайлы жүйесі құрылатын болады. Үкімет қоршаған ортаны қорғауды қаржыландыру тетігін жетілдіруді, мемлекеттің халықаралық экологиялық саясатқа қатысуын кеңейтуді, экологиялық қауіпсіз технологияларға көшу үшін жағдайлар жасауды көздейді.

Үкімет қоршаған ортаны қорғау саласында негіз болатын заң актілерін дайындайтын, табиғат ресурстарын зерттеудің және қалпына келтірудің, экологиялық аудандастырудың, мемлекеттік кадастрлар жүйесін құрудың, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және экологиялық туризм объектілерінің желісін дамытудың, өнеркәсіптік кәсіпорындарға аудит жүргізудің, экологиялық таза және ресурс сақтаушы технологияларды енгізудің бағдарламаларын жасайтын болады.

Мемлекеттік жастар саясаты

Еліміздің мемлекеттік жастар саясаты жас адамның өзі іске асыруы және жастар бірлестіктерін, қозғалыстарын және бастамашылықтарын дамыту үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасауға бағытталатын болады.

Жарамды қоғамдық жастар бастамашылықтарын дамыту және қолдау мақсатында жастар жобаларының конкурсын, жастар проблемалары бойынша республикалық және халықаралық семинарлар өткізу жоспарлануда.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жастардың патриоттық сезімін қалыптастыруға, олардың адамгершілік және рухани дамуына; жас азаматтардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін іске асыруға, олардың интеллектуалдық және дене тәрбиесінің дамуы үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Жастарды жұмыспен қамту проблемалары жұмыс күшіне қазіргі қажеттіліктерді ғана емес, сонымен қатар перспективалық міндеттерді де ескере отырып шешілетін болады. Өмірде еңбекке алғаш рет қадам басқан жастарды жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасау, жұмыссыз жастардың қалған бөлігі үшін жұмыс іздестіру кезеңін қысқарту, жастар үшін жұмыс орындарын квоталау, өз ісін, шағын бизнесті ұйымдастыруда белсенді түрде жәрдемдесу, жұмыстан босап қалу қаупі бар жастарды күні бұрын кәсіби оқыту көзделеді.

Мәдениет

Көпұлтты Қазақстан жағдайында ұлттың рухани әлеуетін іске асыру және оны дүниежүзілік танудың өлшемі үшін шарттар ретінде бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістік қалыптастыру қажет.

Осы мақсатта алдағы уақытта мыналар:

қазақтың ұлттық мәдениетін сақтау және дамыту;
 Қазақстан Республикасының өкілдері болып табылатын халықтар
 мен этностардың мәдениетін дамыту;

Қазақстан Республикасының дүниежүзілік мәдени кеңістікке бірігуін
 тереңдету іске асырылады.

Бюджеттік қаржыландырудың айтарлықтай қысқартылуына қарамастан
 2000 жылы мәдениет жүйесін дамытудың негізі жұмыс істеп тұрған объектілер
 жүйесін сақтау болып табылады.

	1998 жыл есеп	1999 жыл баға	2000 жыл болжам		
Мәдениет мекемелері мен кәсіп. орындарының саны - барлығы			43	47	48
оның ішінде:					
тарихи-мәдени қорықтар		7	7	7	
музейлер	6	7	8		
кітапханалар	4	5	5		
театр-ойын-сауық кәсіпорындары			18	18	18
киноұйымы	3	3	3		
ғылыми-зерттеу институты		1	1	1	
Басқалары	4	6	6		

Жаңа астананың әлеуметтік-мәдени ортасын одан әрі дамыту мақсатында Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі құрылатын болады.

Дене тәрбиесі және спорт

Дене тәрбиесі және спорт ұйымдарының қызметі салауатты өмір салтын насихаттауға, балалар мен жасөспірімдерді спорт секцияларына тартуға, спорттық резерв және халықаралық сыныпты спортшыларды дайындауға, Қазақстан спортшыларының 2000 жылы Сидней (Австралия) қаласында өтетін XXVIII жазғы Олимпиялық ойындарға қатысуына бағыттталатын болады.

"1996-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын" іске асыру тұрғысынан мыналар жобалануда:

қоғамда салауатты өмір салтын бекіту, денсаулықтарын сақтау және нығайту, аурудың алдын алу мақсатында республика халқын дене тәрбиесі жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға тарту;

ерікті дене тәрбиесі-спорт қоғамдары мен клубтарын ұйымдастыруда және одан әрі дамытуда жәрдем көрсету;

мемлекеттік органдардың және оларға ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметкерлерін дене тәрбиесі мен спорттық іс-шараларға қатысуға жаппай тарту жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру;

балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында балалар мен жасөспірімдердің спорт секциялары мен клубтарына қатысушылықтарын арттыру;

балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерінің желісін кеңейту (қалпына келтіру);

барлық облыс орталықтарында және республиканың лайықты спорттық базасы және білікті жаттықтырушы-оқытушы кадрлары бар жекелеген қалаларында спортта дарынды балалар үшін мектеп-интернаттар құру;

дене тәрбиесі мен спорттың материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайту, айналысатындар үшін оның қол жетерлігін қамтамасыз ету.

4.4. Аймақтық саясат

2000 жылы мемлекеттің аймақтық саясаты орталық және жергілікті басқарушы органдардың оңтайлы өзара іс-қимылы және аумақтық өзін-өзі басқару принциптерін дамыту негізінде реформалардың ауырлық орталығын бірте-бірте аймақтар деңгейіне ауыстыруды көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың екінші жартыжылдығына және 2000 жылға арналған іс-қимыл Бағдарламасын орындауға бағытталатын болады.

Экономикалық реформаны жүзеге асыруда аймақтардың өкілеттіктерін күшейту және жауапкершіліктерін арттыру Қазақстан Республикасының заңдарында құқықтық жағынан бекітілетін болады. "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және "Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару туралы" заңдарды нақты іске асыру күнделікті функциялардың үлкен бөлігін орталық органдардан аймақтық деңгейге беруді жүзеге асыруға және аймақтардың теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде әкімдерге кең өкілеттіктер беруге мүмкіндік береді.

Аймақтық саясат мынадай міндеттерді шешуге бағытталатын болады: халықтың жан басына есептегенде жергілікті бюджеттер шығынының бірыңғай нормативіне біртіндеп көшу үшін бюджеттік жәрдем қаржылар мен бюджеттік алымдардың тұрақты мөлшерлеріне көшу саясатын жалғастыру; №

аймақтық маманданудың күшеюі және аймақтардың инвестициялар тарту, жаңарту және жаңа құрылыс үшін жауапкершілігін арттыру;
бірқатар негізгі параметрлердің негізінде аймақтардың дамуын рейтингтік бағалау жүйесін пайдалану арқылы аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың м о н и т о р и н г і ;
қордаланған проблемалардың шешілуін қамтамасыз ететін арнаулы іс-шараларды іске асыру жолымен бірінші кезектегі мемлекеттік қолдауды талап ететін құлдыраған селолық аудандардың тобын экономикалық сауықтыру;
кесімді "әділетті" бағалар бойынша астық сатып алу жолымен ауыл шаруашылығын қ о л д а у .

5. Индикативтік жоспардың орындалуын ұйымдастыру

Индикативтік жоспарды іске асыру ол бойынша "Қазақстан - 2030" Стратегиясын және Қазақстан Республикасының Президентінде 1999 жылдың 9 маусымында өткен кеңесте белгіленген реформаларды дамыту бағытынан туындайтын міндеттерді іске асыру шеңберінде 476 іс-шараның орындалуы көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың екінші жартыжылдығына және 2000 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың Жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы экономикасының барлық секторларында жүргізілетін болады.

Жоспар бойынша 11 Заң, Қазақстан Республикасы Президентінің 5 Жарлығы, 86 Үкімет қаулысы, сондай-ақ банк жүйесін, сақтандыру рыногын, зейнетақы жүйесін, салық заңдарын, несиелік серіктестіктердің қызметін, салық және кеден режимдерін құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған 52 тапсырма бойынша нормативтік құқықтық актілердің қабылдануы көзделген.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар 14 бағдарламаны, оның ішінде жекешелендіру және мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру, 1999-2000 жылдарға арналған бағалы қағаздар рыногын дамыту 1999-2000 жылдарға тікелей инвестицияларды тарту, "Халық денсаулығы", туберкулезбен күрес, электр энергетикасын дамыту бағдарламаларын іске асыруды жалғастырады.

30-дан астам бағдарламалық құжаттар, оның ішінде орта мерзімдік экономикалық өсу бағдарламасын, химия және жеңіл өнеркәсіпті, машина жасау кешенін дамыту, "Қазақстан темір жолы" РМК-н және "Қазақтелеком" АҚ-н монополиясыздандыру бағдарламаларын, "Ауыз су" Мемлекеттік бағдарламасын, жұмыспен қамтудың 1999-2000 жылдарға арналған Республикалық бағдарламасын, көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыру, мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру

бағдарламаларын, сондай-ақ экологиялық қатерге душар болған аумақтар үшін пилоттық бағдарламалар әзірлеу көзделеді.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың ақпараты негізінде

іс-шаралар Жоспарын орындауды іске асырудың қорытындылары бойынша ай сайын мониторинг ұйымдастырылды.

Индикативтік жоспардың іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігіне жүктелген, ол тоқсан сайын Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы Үкіметке ақпарат беріп отырады.

Оқығандар:

Орынбекова Д.

Қобдалиева Н.